«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ЖАМБЫЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АЙГӨЛЕК» БАЛАБАҚШАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫНЫ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ДЕТСКИЙ САД «АЙГОЛЕК» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ЖАМБЫЛСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

16 қаңтар 2025 жыл
Бектобе ауылы

№ 16
село Бектобе

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 10-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына, 16-бабының 3-тармағының 25)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жамбыл ауданының білім бөлімінің «Айгөлек» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынында Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Бір көзден алу тәсілімен сатып алуды өткізу үшін ұйымдастырушы және тапсырыс беруші «Айгөлек» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны белгіленсін.

3. Ұйымдастырушы және тапсырыс берушінің өкілі болып осы балабақшаның есепшісі Абсаимова Гульмира Абдашимовна бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгерушінің міндетін уақытша атқарушы **С. Таласпекова**